

## Отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек туралы

### *Күші жойған*

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 қазандағы N 5/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 12 қарашада N 3252 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 қаңтардағы N 1/28 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 21.01.2014 N 1/28 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Май аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен, бір жолғы әлеуметтік көмек 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде берілсін.

2. Май аудандық мәслихатының (IV шақырылған XXXXIII сессиясы) 2011 жылғы 2 желтоқсандағы N 3/43 "Отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 26 желтоқсанда N 12-10-115 тіркелген, аудандық "Шамшырақ" газетінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы N 53 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау мен қадағалау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*А. Жанакова*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Ғ. Арынов*